

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы тіл комитеті туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 7 мамыр 1993 ж. N 374

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Тіл комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 сәуірдегі N 1166 U931166_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Тіл комитеті (бұдан әрі "Тіл комитеті") тіл туралы заңдарды және басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын орындау жөніндегі мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Тіл комитеті туралы қоса берілген Ереже бекітілсін.

2. Тіл комитеті басқару аппаратында 60 адам (күзет қызметкерлерімен ғимаратты күтушілерді қоспағанда); Төрағаның 3 орынбасары, соның ішінде бір бірінші орынбасары болады деп белгіленсін.

3. Тіл комитетіне құрамында 11 адамы бар алқа құруға рұқсат етілсін. Оның құрамына лауазымы бойынша Төраға, оның орынбасарлары, басқарма бастықтары, сондай-ақ жетекші ғалымдар мен мамандар енгізілсін.

4. Тіл комитетінің Төрағасы материалдық-тұрмыс және медициналық қамтамасыз ету, көлік қызметін пайдалану жағдайы бойынша республика министріне, ал Төраға орынбасарларының қызметі республика министрлері орынбасарларының қызметіне теңестірілсін.

5. Тіл комитеті Төрағасына орталық аппарат штатын белгіленген адам саны мен жалақы қоры шегінде бекіту құқы берілсін.

Ескерту. 5-тармақтан сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

6. Тіл комитетіне қызмет көлігі ретінде 4 жеңіл автомобиль және өндірістік қажеттерге арналған 2 автомобиль (РАФ үлгісіндегі) лимиті белгіленсін.

7. Орталық аппаратты ұстауға жұмсалатын шығындарды қаржыландыру Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінде мемлекетті басқару органдарын ұстауға бөлінген қаржы есебінен жүзеге асырылсын.

8. Тіл комитетіне қажет жағдайларда кешенді бағдарламалар мен сараптамаларды жасауға Комитет қаржысы есебінен ақы төлеу арқылы білікті мамандарды тартуға рұқсат етілсін.

9. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының

мемлекеттік бюджетін құрау кезінде Тіл комитетіне қажетті жабдықтар мен мүкәммал, ұйымдастыру және көбейткіш техника, автомашиналар алуға, қызмет үйлерін ұстау мен күрделі жөндеуге, тұрғын үй салуға қаржы бөлуді көздейтін болсын.

10. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Республикалық "Қазконтракт" контракт корпорациясы Тіл комитетіне өзіне жүктелген міндеттерді қамтамасыз ету үшін белгіленген тәртіппен материалдық-техникалық ресурстар бөлуді көздейтін болсын.

Ескерту. 10-тармақтың соңғы сөйлемінің күші жойылды - ҚРМҚ-нің 1994.09.28. N 1073 қаулысымен.

11. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі өтінім және қажетті есептердің түсуіне қарай Тіл комитетін телефон, телекс және факс байланысымен қамтамасыз етсін.

12. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі "Ана тілі" баспасының жанынан қазақ тілі және басқа да ұлттар тіліндегі әдебиеттерді дайындау мен шығаруға бағытталған бас редакция құрып, соңынан оны баспаға айналдыратын болсын және 1994 жылдың 1 қаңтарынан қолдағы материалдық-техникалық базасымен, отырған мекен-жайларымен қоса белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Тіл комитетіне өткізетін болсын.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚРМҚ-нің 1993.11.19. N 1159 қаулысымен.

13. Қазақстан Республикасының Мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Алматы қаласының әкімі Тіл комитетіне оның өзі ұсынған есептер бойынша мемлекеттік міндеттерді орындауға арналған үй бөлсін.

14. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері екі ай мерзім ішінде: облыстарда, қалалар мен аудандарда жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын тиісті дербес басқармалар құрсын; қызмет жайларын бөліп, материалдық-техникалық база жасау мен нығайтуға көмек көрсетсін, қызметкерлерге тұрғын үй алаңын бөлуді, пәтерлерге телефон орнатуды, мектепке дейінгі балалар мекемелерінен орын бөлуді қамтамасыз етсін.

1 5 .

Ескерту. 15-тармақтың күші жойылған - ҚРМҚ-нің 1995.06.12. N 813 қаулысымен. P950813_

16. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті және оның облыстық басқармалары; Тіл комитетімен келісе отырып, мемлекеттік тілді қолдану салаларын, қазақ тілі мен басқа да ұлт тілдерін зерттеуді дамыту жағдайын анықтау мақсатында республикалық бюджет қаржысы

есебінен республиканың әлеуметтік-экономикалық өмірінің сан алуан

саласына жыл сайын статистикалық зерттеу жүргізсін, тілді дамыту мәселелері жөніндегі мемлекеттік есептің арнаулы нысанын жасап, іске қоссын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 7 мамырдағы
N 374 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Министрлер
Кабинетінің жанындағы Тіл комитеті туралы
Ереже

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Тіл комитеті, бұдан әрі "Комитет" деп аталады, тіл туралы заңдарды, қазақ тілін және басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын орындау жөніндегі орталық мемлекеттік басқару органы болып табылады. Комитетке тікелей басшылықты Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жүзеге асырады.

2. Комитет өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Заңдарын, қаулыларын, жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің басқа да нормативтік құжаттарын, сондай-ақ о с ы Е р е ж е н і б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

Комитет мемлекет алдында өзіне тапсырылған басқару саласының жағдайы мен Комитет жүйесіне кіретін мекемелер қызметінің тиімділігіне жауап береді.

3. Комитеттің басты міндеттері:

"Қазақ КСР-індегі тіл туралы" Қазақ КСР Заңын жүзеге асыру;
қазақ тілін және басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын орындау;

тіл саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу, оны жүзеге асырудың пәрменді механизмін жасау және ұлт тілдерін жаңғырту мен дамытуға жақсы жағдай жасау б о л ы п т а б ы л а д ы ;

4. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес: министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың, кәсіпорындар

мен мекемелердің қызметін үйлестіреді, қоғамдық ұйымдармен тіл туралы республика Заңын сақтауды қамтамасыз ету, қазақ тілін және басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөнінде қоғамдық ұйымдармен қоян-қолтық жұмыс істейді;

мемлекеттік саясат пен қоғамдық қызмет атқару салаларын кеңейту мен мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді бағдарламалардың тиімділігін арттыру жайлы ұсыныстарды жасап, жүзеге асырады;

тіл туралы заңның орындалуын бақылауды жүзеге асырады, оны бұзу фактілерін қарайды және олар жөнінде өз құзыреті ауқымында шешім қабылдайды;

республикада ономастикалық және терминологиялық жұмысты үйлестіреді, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы ономастикалық және терминологиялық комиссиялардың, қазақ тілін және басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Республикалық үйлестіру кеңесінің қызметін қамтамасыз етеді;

ТМД республикаларында және шет елдерде тұратын қазақ ұлтының өкілдерімен, олардың тіл және мәдениет проблемалары жөнінде құрған қоғамдық ұйымдарымен байланыс жасап, қажет жағдайда оларға методикалық, қаржылай және материалдық-техникалық көмек көрсетеді.

өз құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде халықаралық ұйымдармен ынтымақтасады ;

жұмыста жариялылықты қамтамасыз етеді, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, соның ішінде өз басылымдары арқылы республика халқына тіл туралы республика Заңын, тілді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын орындау жөніндегі шараларды жүзеге асыру туралы және Комитет қызметінің басқа да мәселелері жөнінде республика халқына ұдайы хабарлап отырады, республиканың тіл проблемалары жөніндегі қоғамдық ұйымдарымен қоян-қолтық жұмыс істейді.

Комитеттің құзыретіне жататын мәселелер жөніндегі методикалық және ақпарат-талдау құжаттары мен материалдарды жасап, оларды іс жүзінде орындаудың ш а р а л а р ы н қ о л д а н а д ы ;

өз құзыретіне кіретін мәселелер жөніндегі қолданылып жүрген заңдарды қолдану тәжірибесін қорытады, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, мемлекеттік өкімет пен басқару органдарына жібереді;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына Комитет құзыретіне жататын мәселелер жөнінде заңдық және нормативтік құжаттардың ж о б а с ы н ұ с ы н а д ы ;

Экономикалық және әлеуметтік дамудың, республика мемлекеттік бюджетінің тілді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды қаржы жағынан қамтамасыз ету бөлігінің жобаларын жасауға қатысады;

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Комитет құзыретіне кіретін

мәселелер жөніндегі шешімдерінің орындалуын бақылау мен тексеруді жүзеге асырады

5. Комитет өз міндеттерін қолданылып жүрген заңдар ауқымында атқару үшін: министрліктерден, ведомстволардан, облыстық және жергілікті әкімшілік аппараттарынан, басқа да мемлекеттік басқару органдарынан, мекемелерден, кәсіпорындардан, олардың лауазымды адамдарынан тіл туралы заңдарды, тілді дамытудың мемлекеттік және басқа да бағдарламаларын орындау жөніндегі хабарларды, мәліметтерді, құжаттарды сұрауға;

Комитеттің құзыретіне жататын мәселелер жөнінде ресми түсінік беруге; тіл саласындағы мемлекеттік саясат, мемлекеттік тіл мен басқа да ұлт тілдерінің қоғамдық қызмет атқару саласын кеңейту жөніндегі кешенді бағдарламалар жасау мәселелері жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға;

өзінің мәжілістерінде тіл жөніндегі басқармалардың басшыларын, жергілікті әкімшілік аппаратының тиісті қызметкерлерін тіл туралы заң мен қазақ тілін және басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасын орындау мәселелері жөнінде тыңдауға; Мемлекеттік статистика комитетінен белгіленген мәселелер бойынша тілді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру туралы жыл сайынғы (немесе басқа мерзімдегі) есеп және Комитетке жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін республиканың министрліктері мен ведомстволарынан қажетті хабарлар алуға;

баспа ашуға, белгіленген тәртіппен газеттер мен журналдар ашып, оларды қайта құру мен жоюға, олардың қызметіне басшылық жасауды жүзеге асыруға қақылы. Тілді дамыту проблемалары жөнінде арнаулы теле- және радио хабарларын жүргізуге қ ұ қ ы л ы .

6. Комитетке Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басшылық жасайды.

Комитет Төрағасының орынбасарын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

7. Комитет Төрағасы Комитетке басшылықты жүзеге асырады және Комитетке жүктелетін міндеттерді орындауға дербес жауап береді, Төраға орынбасарларының міндеттерін бөліп береді, қызметкерлердің белгіленген саны мен еңбекке ақы төлеу қоры ауқымында Комитеттің орталық аппаратының штат кестесін бекітеді, құрылымдық бөлімшелер туралы ережені бекітіп, олардың басшыларының міндеттерін а й қ ы н д а й д ы .

Ескерту. 7-тармақтан сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.02.06. N 115 қаулысымен.

8. Комитет Төрағасы Комитеттің, сондай-ақ қарамағындағы мекемелер мен кәсіпорындардың қызметкерлері міндетті түрде орындайтын бұйрықтар, жарлықтар мен нұсқаулар, көрсетпелер береді.

Комитеттің өз құзыреті ауқымында қабылдаған шешімдері барлық министрліктер мен ведомстволардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмыста пайдалануына міндетті б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қажет жағдайларда Комитет басқа министрліктермен, ведомстволармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп немесе келісе отырып қаулылар, бұйрықтар мен н ұ с қ а у л а р ш ы ғ а р у ы н а б о л а д ы .

9. Комитет қызметінің аса маңызды мәселелерін талқылау үшін Комитет Төрағасы (алқа төрағасы) және қызметі жағынан Комитет Төрағасының орынбасары, Комитет басқармалары, жетекші ғалымдар мен мамандар құрамында алқа құрылады.

Комитет алқасының дербес құрамына Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді. Алқа шешімдері қаулы түрінде шығарылып, оған Комитет Төрағасы қ о л қ о я д ы .

10. Комитет жүйесіне облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімшіліктері құрған аумақтық органдар - облыстық, қалалық және аудандық басқармалар кіреді. Аумақтық органдар Комитетпен тұтас құрылымды құрайды, Комитетке жүктелген барлық міндеттерді орындайды әрі оған және тиісті әкімшіліктердің әкімдеріне есеп береді.

Тіл жөніндегі облыстық, Алматы және Ленинск қалалық басқармаларының бастықтарын қызметке Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Тіл комитетінің Төрағасы облыстардың, Алматы және Ленинск қалалары әкімдерінің ұсынысымен, ал қалалық және аудандық басқармалардың бастықтарын облыстық, қалалық басқармалардың бастықтары қалалар мен аудандар әкімдерінің ұсынысымен т а ғ а й ы н д а й д ы .

11. Комитет міндеттерін жүзеге асыру үшін оның жанында Қоғамдық ғылыми-сараптама кеңесі құрылады. Ғылыми-сараптама кеңесінің жұмысын ұйымдастыру тұрғысынан қамтамасыз етуді Комитет аппараты жүзеге асырады.

Ғылыми-сараптамалық кеңесінің құрамы ғалымдар мен мамандардан, Комитеттің, Қазақстан Республикасының басқа да министрліктері мен ведомстволарының қызметкерлерінен құралады және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті б е к і т е д і .

12. Комитет Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы мен қазақ және орыс тілдерінде өзінің аты жазылған мөрі бар заңды ұйым болып есептеледі.